

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Тыл департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1191
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.22. N 554 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, N 10, 36-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігінің жанындағы Тыл департаменті туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ішкі істер министрлігінің жанындағы Тыл департаментімен бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын шығарылған үкіметтік нормативтік актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 31 шілдедегі

N 1191 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің

жанындағы Тыл департаменті туралы

(Ішкісминінің жанындағы Тыл департаменті)

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Тыл департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасының заңдарына

сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын материалдық-техникалық және әскери жабдықтауды, үйлердің, ғимараттардың, жабдықтардың және автомобиль техникаларының курделі құрылышы мен жөндеу-пайдалану мұқтаждарын шаруашылық және тұрмыстық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департамент заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мәрі болады.

Департамент коммерциялық ұйым болып табылмайды және бюджеттік ұйымдар үшін белгіленген тәртіппен салық салынуға жатады.

4. Департаменттің құрылымы мен штаттық кестесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

5. Департамент өз құзыретінің шегінде мемлекеттік меншіктегі өзіне және Департаментке тікелей бағынысты ұйымдарға сеніп тапсырылған мүлікке иелік етуді, пайдалануды және билік жасауды жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін тылдық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құрайтын облыстардағы, респубикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы ішкі істер басқармаларындағы (бас басқармаларындағы) , көліктегі, оку орындарындағы және ұйымдардағы шаруашылық басқармалары (бөлімдері) Департаменттің жедел бағыныстылығында болады.

7. Департаментті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру респубикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Департаменттегі іс жүргізу Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

II. Департаменттің негізгі міндеттері

9. Департамент Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерін тиістілік табельдерімен қамтамасыз ету нормалары бойынша көзделген материалдық-техникалық ресурстармен, әскери техникамен, қару-жаракпен, оқ-дәрілермен және арнаулы құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттарды әзірлеуді;

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бөлімшелерінің мұқтажына

арналған өнімдерді мемлекеттік сатып алушы әзірлеуге және қалыптастыруға
қ а т ы с а д ы ;

бөлінген қаржының негізінде мемлекеттік бюджеттің қаражаты мен басқа да
қаражаттарды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерін
материалдық-техникалық және әскери жабдықтауға, олардың үйлерінің,
ғимараттарының, жабдықтарының, автомобиль техникаларының күрделі
құрылышы мен жөндеу-пайдалану мұқтаждарын шаруашылықтың және
тұрмыстық қамтамасыз етуге пайдалану жөнінде ұсыныс әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының
қызметін шаруашылық қамтамасыз етуді және оның үйлері мен ғимараттарын
кузету жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

қаржы-шаруашылық жүйелерін және тікелей бағынысты ұйымдардың
қызметіне бақылау жасауды нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге
а с ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының облыстардағы,
республикалық бағыныстағы қалалардағы, астанадағы ішкі істер
басқармаларындағы (Бас басқармаларындағы), көліктегі және оқу
орындарындағы шаруашылық бөлімшелерінің материалдық-техникалық
ресурстарды сатып алу және жеткізу, үйлердің, ғимараттардың, жабдықтардың,
автомобиль техникаларының құрылышын пайдалануды, күрделі және ағымдағы
жөндеуді жүргізу жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының
қызметін автокөлікпен қамтамасыз етуді, Ішкі істер министрлігі, Департамент
және оған тікелей бағынысты ұйымдар орталық аппаратының, автомобиль
көліктерін Мемлекеттік автомобиль инспекциясына есепке қоюды жүзеге
а с ы р а д ы ;

Департамент пен оған тікелей бағыныстағы ұйымдардың объектілерінде
шаруашылық қызметін жүргізу кезінде қоршаған табиғи ортаны қорғау
жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бөлімшелерінің мұқтажы
үшін қару-жарақтар, оқ-дәрілер, әскери және арнаулы техникалар, жеке қорғау
және белсенді қорғаныс құралдарын, заттай мұліктер мен керек-жарақтарды,
басқа да материалдық ресурстарды жеткізу саласында мемлекеттік саясатты
ж ү з е г е а с ы р у ғ а қ а т ы с а д ы ;

шетелдік ұйымдармен әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі
өндірістік, ғылыми-техникалық, коопeraçãoлық байланыстарды жүзеге асырады.

III. Департаменттің функциялары

10. Департамент өз құзыретінің шегінде мынадай функцияларды орындайды:

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінің бөлімшелеріне арналған әскери және арнаулы мүліктің материалдық-техникалық ресурстарын негізгі берушінің міндетін атқарады;

Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің орталық аппараты мен ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін, Департаментке тікелей бағыныстағы ұйымдардың қызметін қамтамасыз ету және оларға шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты зерделейді және талдайды және талдау нәтижелерінің негізінде жұмысты жетілдіру жөнінде шешім қабылдайды және

ұсныс енгізеді;

Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігі Департаменттің қызметі мәселелері жөніндегі ведомстволық құқықтық актілерінің жобасын әзірлейді. Өзінің құзыреті мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілердің қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру, реттеу және оңтайландыру жөнінде ұсныс енгізеді;

Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және оны жүзеге асырады, өзіне тікелей бағынысты бөлімшелердің жұмыс жоспарларын бекітеді, белгіленген шаралардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен Қаржы министрлігіне жоспарланған кезеңге арналған мемлекеттік тапсырыс пен шығыстар сметасының жобаларын әзірлеу үшін номенклатуралар мен құндық көріністердің тұрғысындағы материалдық-техникалық ресурстарға мұқтаждықтың есептерін ұсинады;

ішкі істер органдары бөлімшелерінің өтінімдерін жинауды, талдауды және қорытуды жүзеге асырады, бөлімшелердің әскери және арнаулы мақсаттағы материалдық құралдармен: қару-жарапен, оқ-дәрілермен, қорғау және белсенді қорғаныс құралдарымен, криминалистикалық және жедел техникамен байланыс құралдарымен, автомотокөлігімен және өрт техникасымен, әскери-инженерлік және әскери-химиялық мүлікпен, нысанды киім-кешекпен қамтамасыз етілуінің

есебін жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің мемлекеттік кәсіпорындары мен өзге де ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру, тарату және олардың қызметі жөнінде ұсныс енгізеді;

әскери, қызметтік-штаттық және азаматтық қаруларды сатып алуды (белгіленген тәртіппен өткізілетін тендерлердің негізінде), сақтауды, сатуды, жөндеуді және ұқсатуды жүргізеді;

оқ-дәрілердің, жарылғыш заттарды, жеке қорғау мен белсенді қорғаныстың

арнаулы құралдарын, арнаулы мақсаттағы әскери-инженерлік және әскери-химиялық мүлікті, автомобиль, авиация және су көліктері құралдарын, бронды танкі техникаларын, жедел-криминалистикалық техникаларды, байланыс және ақпараттарды есептеу құралдарын, жол полициясының арнаулы жабдықтары мен техникаларын, өртке қарсы техникалар мен жабдықтарды, оларға босалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдарды және шығыстық материалдарды, нысанды киім-кешекті, айырым белгілерін, мүкәммалдық және арнаулы заттай мүлікті, маталар мен құндылықтық материалдарды, наградалық қордың заттарын сатып алууды (белгіленген тәртіппен өткізілетін тендерлердің негізінде), сақтауды және сатуды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және шетелдік валютасымен есеп айырысу арқылы экспорттық-импорттық операцияларды жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты мен Департаментке тікелей бағынысты ішкі істер органдарының бөлімшелерін белгіленген тәртіппен тиістілік табельдеріне, қамтамасыз ету мен шығыстың нормаларына сәйкес белгіленген номенклатура бойынша материалдық ресурстармен, заттай мүлікпен, қару-жарақпен, ок-дәрілермен, жеке қорғау және белсенді қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді;

Әкімшілік үйлерін, техникалық пайдалану, оларға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының жеке құрамын орналастыру, көрсетілген министрліктің қызмет бөлмелерін жиһаздармен, мүкәммалдармен жабдықтау жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Департаменттің орталық аппаратының балансындағы жабдықтар мен мүкәммалдарды пайдалану мен жөндеуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен министрлік пен Департаменттің орталық аппаратының әкімшілік үйлерін күзету, өткізу режимі мен оның өртке қарсы қауіпсіздігі жөніндегі қызметін үй ы м д а с т ы р а д ы ;

Әкімшілік және өндірістік үйлер мен ғимараттарға, демалыс аймақтарына қурделі және ағымдағы жөндеулер жүргізуді үйимдастырады. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Департаменттің орталық аппаратының балансында тұрған объектілерді қурделі және ағымдағы жөндеу жөнінде тапсырысшының функцияларын орындауды, олар бойынша жобалық-сметалық құжаттамаларды дайындайды және оны атқару үшін мердігерлік құрылыш және жөндеу үйимдарына береді;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қурделі құрылыш объектілері бойынша жобалауға арналған тапсырмаларды, сондай-ақ әзірленген

жобалау-сметалық құжаттамаларды қарайды және келіседі. Көрсетілген объектілерге арналған жобалау-зерттеу жұмыстарының, олардың құрылышын салудың және қайта жаңартудың титулдық тізімдерінің жобаларын жасайды. Белгіленген тәртіппен мердігерлік шарттарын жасасу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің салынып жатқан және қайта жаңартылатын объектілерін іске қосу-баптау жұмыстарын орындауды және оларға ақы төлеуді қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен ішкі істер министрлігінің құрылышы аяқталған объектілерін қабылдап алу жөніндегі комиссияларды құру жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ оларды пайдалануға қабылдап алу жөніндегі жұмыс комиссияларына қатысады. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Департаменттің пайдалануға енгізілген объектілерін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;

аумақтық ішкі істер органдарының және басқа да бөлімшелерінің арасында автомотокөлігі мен жүзу құралдарын бөлуді әзірлейді және оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бекітуіне енгізеді, облыстардың, республикалық бағыныстағы қалалардың, астананың ішкі істер басқармалары (бас басқармалары) автошаруашылықтарының, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне және Департаментке тікелей бағынысты бөлімшелер автокөлігінің, көлік жайларының жұмысына бақылау жасауды жүзеге асырады;

ішкі істер органдары бөлімшелері мен Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың автокөлік құралдарына және олардың жұмысының пайдалану көрсеткіштеріне есеп жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментімен бірлесіп ішкі істер органдары көлік құралдарының жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтерді қорытады және талдайды, ішкі істер органдары көлік құралдарының жұру қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді;

белгіленген тәртіппен Департамент арқылы қаржыландырылатын бөлімшелерді қаржылық қамтамасыз етуді, сондай-ақ Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың қаржы, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануы жөнінде бақылау жасауды және өз құзыретінің шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Департаментке тікелей бағынысты демалыс үйлері мен аймақтарына, пансионаттарға, балалар сауықтыру кешендеріне жолдамалар бөледі және сатады ;

Департаментке тікелей бағынысты ішкі істер органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне қызмет көрсететін сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдарының жұмысын

ұйымдастырады және оған бақылау жасайды. Тікелей бағыныстағы ұйымдарға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес республиканың тауар рыногында және импорттық-экспорттық операциялар бойынша алынған пайдалардың бөліктерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарының бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге пайдалана отырып қос мақсаттағы өнімдер мен халықтық тұтыну тауарларын сатып алу және сату жөнінде әдістемелік көмек көрсетеді;

ішкі істер органдарының қызметкерлерін, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің желісі бойынша орталық аппаратқа қызметтік іссапармен келген шет елдердің делегациялары мен өкілдерін ведомстволық қонақ үйлер мен қонақ үй шаруашылығының басқа да кәсіпорындарына уақтылы орналастыруды қамтамасыз етеді. Азаматтардың көрсетілген санаттарына автокөліктік қызмет көрсетуді

ұйымдастырады;

тиісті бөлімшелердің жедел-қызметтік іс-әрекетінің ескере отырып, ішкі істер органдары үшін: көлік құралдарының штаттарын; қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, жеке қорғау және белсенді қорғаныс құралдарының, жедел және арнаулы техникалардың, байланыс құралдарының, сондай-ақ ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдарға арналған нысанды киім-кешектердің және оның номенклатурасының тиістілік табельдерін әзірлеуге қатысады;

ішкі істер органдарының қарулануындағы қарулар мен арнаулы құралдарды және шартты негізде Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдарының қаруларын жөндеуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бөлімшелерінде арттехқаруларға, әскери-инженерлік және әскери-химиялық мүлікке, заттай мүлікке, мүкеммалдарға және басқа да материалдық құндылықтарға, сондай-ақ босалқы бөлшектерге, жинақтаушы бүйымдарға және шығыстық материалдарға есеп жүргізуудің және олардың іс жүзіндегі санының, сақтау және беру тәртібі сақталуының дұрыстығына жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізеді;

Департаментке тікелей бағыныстағы ұйымдарға, сондай-ақ облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың ішкі істер басқармаларында (бас басқармаларында) және көлікте өндірістік қуаттардың дұрыс пайдаланылуына, техникалық қауіпсіздікке және еңбек қорғауға бақылау жасауды

жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйелерінің мекемелері мен ұйымдарында техникалық қадағалау инспекциясын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі мен Департаменттің орталық аппаратының әкімшілік, өндірістік қоймалық және көмекші үйлері мен ғимараттарын төлкүжаттандыруды және оларды есепке алушы жүргізеді,

олардың пайдаланылуы мен жөнделуін ұйымдастырады, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы басқармаларының (бас басқармаларының), көлігінің және оқу орындарының балансында тұратын негізгі құралдардың жедел есебін жүргізеді. Ішкі істер органдары бөлімшелерінің материалдық базасын нығайту, дамыту, құрылышын салу және қайта жаңарту, жұмысты механикаландырудың қазіргі кездегі құралдарын, есептеудің техникалық құралдарын, прогрессивтік технологияларды енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ұсыныс дайындайды және шараларды жүзеге асырады;

Департаменттің және оған тікелей бағынысты кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың жұмылдыруышылық даярлығы жөніндегі шаралардың орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Төтенше жағдайлар мен ерекше кезеңдер жағдайына арнап Департаменттің сақтау бөлімдерінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты үшін қажетті сақтандыру қорлары мен материалдық ресурстардың резервін құрады, оларды жаңартып отыруды жүзеге асырады.

IV. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

11. Департаменттің қызметі жұмыстарды жоспарлаудың, заңдылықтарды қатаң сақтаудың және қызметтік, әскери және еңбек тәртібі атқарулының, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты шектелуінің және олардың жұмыстың тапсырылған участкесіндегі істің жай-күйі үшін жеке жауаптылығын белгілеудің негізінде ұйымдастырылады.

12. Департамент өз жұмысында белгіленген тәртіппен өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының және шетел министрліктерімен, ведомстволарымен және ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерімен және қызметтерімен өзара іс-қимыл жасайды.

13. Департаментті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметінен босататын Бастық басқарады. Департаменттің бастығы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне тікелей бағынады.

14. Департаменттің қызметіне басшылық жасау дара басшылық принципінде жүзеге асырылады. Департамент бастығының бүйрекшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі өзгертуі мүмкін.

15. Департамент бастығының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі қызметке тағайындастын және қызметінен босататын орынбасары болады.

16. Департаменттің бастығы:

Департаменттің жұмысына басшылық жасауды ұйымдастырады және жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауаптылықта болады;

өзінің орынбасарының, Департаменттің басқармалары бастықтарының және олардың орынбасарларының, департаментке тікелей бағынысты ұйымдар басшыларының Департаменттің құрылымдық және оған тікелей бағынысты бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың және жүзеге асырудың жай-күйі үшін жауаптылығының дәрежесін белгілейді;

Департаменттің бөлімшелері мен оған тікелей бағынысты ұйымдардың функцияларын айқындайды, Департамент аппаратының қызметкерлері мен оған бағынысты бөлімшелер бастықтарының қызметтік міндеттерін бекітеді;

Департамент пен оған тікелей бағынысты ұйымдардың қызметкерлерінің қызметтік, әскери және заңдық оқуын ұйымдастырады. Департаменттің қатардағы және басшы құрамындағы адамдармен бастапқы және арнаулы даярлықтың уақытында жүргізілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады.

17. Департамент бастығының:

өз құзыреті мен өкілеттігінің шегінде бұйрықтар шығаруға; белгіленген тәртіппен өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік, сот органдарында, қоғамдық және өзге де ұйымдарда Департаменттің білдіруге немесе Департаменттің білдіруді тапсыруға;

әрбір нақты жағдайда сатып алынатын материалдық-техникалық ресурстар партиясының көлемінде олардың құнын көрсете отырып заңдық, қаржылық және банктік құжаттарға, Департамент пен оған тікелей бағынысты ұйымдар бойынша шығындардың айлық сметаларына бірінші қол қоюға, бекітілген сметалар мен бөлінген қаржының шегінде материалдық ресурстар мен ақшалай қаражаттарға билік жасауға;

арнаулы (бюджеттен тыс) қаражаттың есебінен ұсталатын тікелей бағынысты ұйымдарға оларды ұстау жөніндегі кірістер мен шығыстардың сметасын, сондай-ақ Департаменттің жүйесіндегі бөлімшелерге - шығыстардың сметасын; өндірістік кәсіпорындар бойынша - өндірістік қызметтің жоспарларын, өнімнің өзіндік құндарын, еңбек жөніндегі жоспарларды және тұтыну қорларын бекітуге;

Департаментке тікелей бағынысты ұйымдар бойынша объектілердің күрделі жөндеуге және қайта жаңартуға арналған жобалық сметалық құжаттамаларды және негізгі қаражатты бекітуге;

берілген құқықтардың шегінде келтірілген шығындар, материалдық құндылықтар мен ақша қаражатының жетіспеуі мен жоғалуы бойынша шешім қабылдауға. Белгіленген тәртіппен, қолданылып жүрген зандарға сәйкес оларды

кейіннен сату және сатудан алынған құралдарды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базаларын нығайтуға және дамытуға пайдалану арқылы Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың негізгі құралдарына жататын материалдық құндылықтарды жарамсыздыққа

ш ы ғ а р у ғ а ;

Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың бірінші басшыларының бұйрықтарын толықтай немесе ішінара тоқтата тұруға;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне: Департаменттің құрылымы мен құрамы туралы; Департаментке тікелей бағынысты ұйымдарды құру, қайта жаңарту және тарату туралы; қызметке тағайындау немесе қызметінен босату үшін кандидатуралар, Департамент пен оған тікелей бағынысты бөлімшелер аппаратының жоғары және орта басшы құрамындағы адамдарға, сондай-ақ ұйымдардың бірінші басшылары мен бас бухгалтерлеріне кезекті арнаулы атақтар беру, ішкі істер органдарының азаматтық қызметкерлеріне көзделген лауазымдарды ауыстыру жөнінде ұсыныс енгізуғе;

Департамент пен оған тікелей бағынысты ұйымдар аппаратының қатардағы және кіші басшы құрамындағы адамдарды ішкі істер органдарына қызметке қабылдауға, қызметке тағайындауға, олардың қызметін ауыстыруға, іссапарларға жіберуге және қызметінен босатуға, оларға бастапқы және кезекті арнаулы атақтар

б е р у ғ е ;

Департаменттің басшы және қатардағы құрамына, сондай-ақ тікелей бағынысты ұйымдардың басшы және қатардағы құрамына демалыс беруге. Белгіленген өкілеттігінің шегінде, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет атқаруы туралы ережеге сәйкес, оларға көтермелей және жаза қолдану шараларын қабылдауға;

азаматтық қызметкерлердің қатарынан Департамент аппаратының жұмысшыларын, қызметшілерін және мамандарын, Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың басшыларын жұмысқа қабылдауға, қызметке тағайындауға, оларға демалыс беруге және жұмыстан босатуға. Оларға заңдарға сәйкес көтермелей және жаза қолдану шараларын қабылдауға;

азаматтық қызметкерлердің қатарынан Департамент аппаратының қызметкерлеріне, Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларына, өз номенклатурасының қатардағы және кіші басшы құрамына заңдарға сәйкес үстеме ақы мен қосымша ақы белгілеуге;

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде Департамент пен оған тікелей бағынысты ұйымдардың қызметкерлерін (өз номенклатурасы бойынша) іссапарға

ж і б е р у ғ е ;

белгіленген тәртіппен Департаменттің қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрамындағы адамдарды, мамандары мен қызметшілерін, сондай-ақ

Департаментке тікелей бағынысты ұйымдардың және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын аттестациялау жүргізуге;

Департаменттің есепке алу-бақылау номенклатурасына алынған, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және көліктің ішкі істер басқармаларының (Бас басқармаларының) басшылары ұсынған, қызметке тағайындалатын және қызметі ауыстырылатын адамдардың кандидатураларына қорытынды беруге;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне Департамент пен оған тікелей бағыныстағы ұйымдар аппаратының аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамындағы адамдарды марапаттау, көтермелеу немесе оларға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс енгізуге;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы бар.

18. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.